

Оты маздап жанатын.
Түзу шығып түтіні,
Өсірсін ел санатын.
Бағы жанып жастардың,
Несібесі артсын алатын.
Ұрпақтары өрбісін,
Өмірге із салатын.
Ірге кеңіп тағы да,
Өсе берсін қанатың...

Бұл – қазақтың ғасырлық тілеуі, ұрпағының өсе беруі, тұқымының құрып кетпеуі болды. Осы ұлы арманның сәулесі кеудемізге нұрын құйып демеп, бізді жер бетінен жойылып кетуге жібермей көгертіп келеді. Аталар мұраты ұрпағын жебейді. Қара шаңырақ – ұрпақтар өрбитін құтты ұя саналады. Кең мағынада алғанда, бүкіл ұлт тұтас ірге жайған жер де қара шаңырақ. Сондықтан қазақ баласы қара шаңырақтың иесі, қазақ атасының үйін ардақтайды. Қазақ атасы көтерген қара шаңырақты аялай қастерлеп, оның қасиетін өзінің ар-намысындай сезінеді. Бұл ұлға да, қызға да бірдей парыз, өмірлік борыш.

Қазақ ұғымында *отбасы* – өмірдің тұтқасы, үй ішінде от жағылатын ошақтың төңірегі, оттың маңайына таратқан жан балқытар жылуы. Отбасының амандығы ошақтағы оттың маздап тұруы – үміттің өшпес алауымен өлшенеді. Үй ішінің қызыққа, қуанышқа толы болуы да соған

байланысты екендігі даусыз. Оттың басы, ошақтың қасы – ырыстың ұйтқысы. Сондықтан қазақ отының басын тіршілігінің тұтқасы санап аялайды. Оның шырқының бұзылмауы үшін шара қолдануы – өзінің атқаратын адамдық борышы деп білемін. Қорыта келегенде, мақалада қазақ лингвомәдени қауымдастықтың *жанұя* бейнесінің негізгі бөлшектеріне шолу жасалды.

Отбасылық қарым-қатынасының адамның жанұядағы коммуникативтік рөліне байланысты болатындығына қатысты мәселені этножәне психолингвистикалық жоспарда қарастырған дұрыс деп ойлаймыз.

1. Ибраева Ж.Қ. Психолингвистика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 126 б.

2. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: Арман-ПВ, 2008.

3. Ниязбеков М. Біз қалай туысамыз? – Алматы: Өнер, 1992.

* * *

В данной статье на материале казахского языка представлено описание образа семьи в языковом сознании казахов.

* * *

In given article on a material of the Kazakh language the description of an image of a family in language consciousness of Kazakhs is presented.

М. Тулекова

КОГНИТИВТІК ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Когнитивтік ғылым АҚШ-та, Еуропада кең таралған әдістемелік зерттеу үрдісі. Жалпы адам танымына деген қызығушылық ерте кезден-ақ ежелгі гректерден басталып, ес пен ойлау, адам білімі – табиғаты төңірегіндегі зерттеулерден, ақырында екі бағыт ұстанған ағым ретінде қызу айтысқа созылды. Оның бірі – эмпиризм – ол білім тәжірибеден пайда болды десе (Беркли, Юм, Милль), екіншісі – нативизм – бала дүниеге білім қорымен келеді деген ұстанымды басшылыққа алды.

«Когнитивтік ғылым» термині алғашқыда белгілі ақпаратты қабылдау, оны електен өткізу, ми қыртыстарында сақтай отырып, қажетті кезде оны тәжірибеде қолдану үшін енгізген. Нәтижесінде адам миында білімнің қалыптасуы және толығы жүйелерін зерттейтін ғылым пәндер есебінде қолданылады. Адам санасында, миында қалыптасқан білім қыртысының көрінісі

тек тілдің қызметі арқылы жүзеге асады. Тек тілдік бірліктер нәтижесінде коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан да тілдің когнитивтік лингвистикада алар орны өте зор. Когнитив ғылымының негізін қалаған психолог Джордж Миллер мен тілші Ноэм Хоменийдің есімдері де осы саламен байланысты жиі аталып келеді. Жалпы когнитив ғылымы адамзат атаулының әлем бейнесі мен қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстардың, процестер мен сансапалардың, уақыт пен кеңістік факторының қарым-қатынасын адам санасы мен ақыл-ойында, тұжырымдай айтқанда дүниетанымында қалай көрініс беретіндігін айқындаумен айналысатын ілім ретінде сараланып, құдыретті тіл арқылы көрініс беретіндігі айқындала түсуде. Сондықтан да болар бүгінгі таңдағы әлемдік ғылымтануда когнитив ғылымы іргелі ғылым салаларының зерттеу мүддесіндегі ядролық

тірек ұғым ретінде танылып, «*таным патшалығының*» тірек нүктесі тұрғысынан дәйектеліп келеді. Бұл ретте таным патшалығының негізі – ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі болады. Ғалам бейнесі - адамды қоршаған объективтік шындық болса, динамикалы (үнемі қозғалысты) негізді және ғалам бейнесіне тілдік араласудың нәтижесінде ғаламның тілдік бейнесі пайда болады.

Көптеген ғылыми еңбектерде ғалам бейнесі (картина мира) ғаламның тілдік бейнесінің (языковая картина мира) орнына (мүмкін үнемідеу үшін) қолданыла береді. Мәні бойынша бұл екі ұғым екі немесе бірнеше болғандықтан ажыратып қолдану қажет. «Ғаламның тілдік бейнесі» термині философия мен логика аспектісінде Л.Витгенштейннің ұсынуымен қолданылған.

Когнитивизм – адам санасын, ойлау қабілетін, сонымен байланысты ментальды процесс пен құрылымын зерттеп-зерделетін ғылыми бағыт. Маслова біліммен, ақпаратпен байланысты процестердің барлығын когнитив немесе когниция деп атайды. Когнитивизм ілімі бойынша, адам ақпаратты қайта өңдеп шығарушы қызметін атқарса, ал тәртібі – ішкі жағдайдың деңгейімен сипатталып түсіндіріледі. Ақпаратты санаға дұрыс қабылдап, интерпретация жасап, өңдеп, жеткізу кезінде ғана адамның бұндай қызметі көрініп, тәжірибе жүзінде дәлелденеді. Интерпретация деп отырғанымыз ақпаратты қабылдау, түйсіну, түсіну, зерттеу, зерделеу, өңдеу т.б. сияқты қызметтерімен ерекшеленеді. Осындай мәселелерді шешуде тілдің маңызы зор болғандықтан, ғалымдар басты құрал ретінде қарастырады.

Когнитивизм термині мынандай тұжырымдармен беріледі:

- Адамның «ойлау механизмін» зерттеу бағдарламасы;
- Әртүрлі бағытта келетін ақпаратты адам санасында өңдеп оқыту процесі;
- Әлемнің ментальды модельдерін құру;
- Құрылымдық жүйені когнитивтік актілердің әртүрлілігімен қамтамасыз ету;
- Туған тілде берілген қалыптасу мен түсіну қызметтері адам ойының компьютерлік бағдарламасы арқылы жүзеге асады; компьютерлік бағдарламаның модельдерін құру, мәтінді түсіну мен зерделеудің нышаны бола алады;
- Ойлау актілерінің психикалық процестерінің кең көлемде қолданылуы.

Когнитивтің бүгінгі таңда меже тұтатын мәселесі тіл мен таным сабақтастығы. Тілдің субъективтік логикалық сапасының өзі объективтік дүниені танып білуші, оны тілдік тұлға

(сөз, сөз тіркесі, сөйлем формалары) арқылы санада таңбалаушы, оның репрезентациясын (ішкі формаларын) көрсетуші, белгілі бір кезеңдегі, уақыттағы адамдар қауымдастығының шынайы өмір тәжірибесінен алынған танымдық кешендерінің қабылдаушысы ретінде сараланып жүргені белгілі.

Тіл мен танымның осындай өзіндік ерекшеліктері когнитивтік тізбектегі тәуелділік пен арақатынастарды орнату мәселелеріне орай «ақыл-ой (сана) - тіл - ішкі таным (репрезентация) - концептілеу - категориялау – қабылдау сияқты ұғымдар жүйесімен анықталады.

Когниция – когнитивтік ғылымның тірек сөзі; ол латын тілінің (cognitio – cognitatio / «таным», «тану») екі терминінің мағынасынан құралады және «ойлау» термині де кіреді. Көп жағдайда ол таным үрдісі немесе психикалық (ментальдылық, ой үшқырлылық) үрдісті - әлемді тану үрдісімен анықталады. Когниция қызметін, ортамен арақатынасын, өмір сүруге деген бағытын, еңбекке икемділігін, әлемді тану үрдістерін анық бейнелейді. Когниция – сана-сезімі дамымаған, еңбекке жарамсыз адамдардың өзін-өзі тануы, бағалауы, қоршаған ортаны, әлемді суреттеуі адам санасы мен мінез-құлқының негізгі нышанын құрайды.

Қазіргі таңда когнитивтік революцияға көп көңіл бөлініп жүр. Атақты американдық лингвист Н.Хомский: «Когнитивтік революция – адам тәртібінің қалыптасуын сананың / мидың қызметіне қатысты болады. Когнитивтік қалыпқа: білімді, түсінікті, интерпретацияны, сенімділікті дұрыс қабылдау жатады».

Когнитивтік қызметтің нәтижесінде пайда болған мағына жүйесі жеке адамның әлемді тану, білу қызметтеріне қатысты болады. Адам символдарды қолданып, әлемді де, әлемде өзін-өзі тану мүмкіндіктерін де саралай келіп, лингвистиканы жаңа қырынан көрсетеді. Ол адам мен қоғам арақатынасын игеру негізінде когнитивтік лингвистика ғылымының пайда болуына септігін тигізеді.

Когнитив теориясындағы ментальдық процестердің күрделі табиғатын саралауда этнос болмысына баса көңіл бөлінуі қажет. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар дүние жүзін мекендейтін адамзат атаулыға жалпыға ортақ болуымен қатар, жекелеген әрбір этнос, ру-тайпа, ұлт, халық үшін сол заттар мен құбылыстар өз мәдениеті мен ой тұжырымына, дүниетанымына, өмір тәжірибесіне сәйкес сұрыпталып ұжымдық санасында қатталып қалыптасады. Яғни тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі қоршаған дүниемен тікелей байла-

нысында ғана емес, ұжым мүшелерінің сол нысан туралы көрген-білгені, естігені, көңілге түйгені, басқа нысандармен ассоциациялық байланысы, аялық білім негізінде жинақталып, таным патшалығының жалпы жүйесіне енгенін айқындайды. Мәселен, қазақ тіліндегі рухани мәдениетіміздің қомақты қабатын құрайтын *баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, әже, шеше, бәйбіше, тоқал, қыз, бойжеткен, құда, құдағи, күйеу бала, келін, нағашы, жиен, бөле, бауыр, аға, іні, қарындас, әпке, сіңлі* сияқты көптеген туыстық атаулармен сабақтастықта қалыптасқан орасан мол мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, тұрақты теңеулер, символдар мен айшықтар, табу, эвфемизм, дисфемизм, ирония, перифраза, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар, ырым жоралғылар соған шынайы дәлел бола алады. Олар:

- Әке көрген – оқ жонар,
Шеше көрген – тон пішер;
- Жақсы жезде әкедей;
- Құда түсу, сырға салу т.б.

Мәселен, Қазақ халқының ұжымдық санасында әйел, қыз лексемалары инабаттылықтың, мейірімділіктің, адалдықтың, тәлім мен тәрбиенің, нәзіктік пен сұлулықтың символын білдіретіндіктен осымен байланысты когнитивтік ақпараттар мол кездеседі. Қазақтың ежелгі салт-дәстүріндегі ат тергеу ырым-жоралғысы да жатжүртқа келін болып түскен қыз баланың инабаттылығын, тәрбиелілігін, мейірімділігін танытады. Мысалы:

- ❖ Шешесіне қарап қызын ал;
- ❖ Бала келін-ана келін-дана келін;
- ❖ Барған жеріңе тастай батып, судай сің.

Сонымен қатар, жас келін жан жарының жақын ағайын-туыстарының аттарын өз атымен атамай, ұжымдық дүниетанымның ментальдық қағидаттарын ескере отырып, жасына, жолына, туыстық қатынасына орай лайықтап ат таба білген. Аталарының аттарын тура атамай, өз дүниетанымындағы нысандарда балама таба отырып, жаңа ат тауып атайтын болған. Мәселен, атасының аты *Жылқыбай* болса, *Мінгіш* деп, *Буркітбай* болса *Үлкен құс* деп, *Тышқанбай* болса *Қантесер* деп ұтымды аттарды таба білген. Қайын сіңілдеріне *-шырайлым, еркежан, бикеиш, қаракөз* десе, ер жігітке - *мырза жігіт, шырақ, кекілдім, тетелес* сияқты табу мәнді этнографиялық лексемалардың ішкі мәнінен жер бетіндегі түркі халықтарынан өзге ешбір ұл мәдениетінде кездеспейтінін салт-дәстүр екенін тани отырып, когнитив ғылымының ұлт, этнос мәдениетіндегі ментальдық ресурстарға бас кө-

ңіл бөліп қарастыруының маңыздылығын аңғаруымызға болады.

Зерттеушілердің пайымдауынша когнитивтік лингвистика мынадай үш мәселені қарастырады:

- 1) таңбаның түрлері мен типтері;
- 2) таңба арқылы берілген ой немесе білім, білімді меңгеру механизмі;
- 3) таңбаның қалыптасуы мен дамуының шарттары және оның қағидалары.

Тілдік таңба мәселесі когнитивтік лингвистика, психолингвистика, социоллингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, прагматика тәрізді ғылым салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Таңба арқылы берілген білімді когнитивтік семантика және прагматика салалары қарастырса, таңбаның қалыптасуын, дамуын семиотикалық онтогенез, оның қағидаларын семиозис ғылымы зерттейді. Тілдің таңбалар жүйесі ретінде сипатталып, когнитивтік лингвистика саласы аясында қарастырылуы, оның күрделі құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Қоршаған орта арқылы қабылданатын әрбір ақпарат белгілі бір таңбалар жүйесінен тұрады. Сол таңбалар жүйесі «Әлемнің тілдік бейнесін» бейнелейді. Таңба арқылы берілген ой негізіндегі білім когнитивтік лингвистиканың зерттеу нысаны бола алады.

Тілдік тұрғыдан зерттеуші Қ.Б.Күдерина таңбаланудың тілдік жүйесінің түрлерін «сөз, граммема, морфема, фразема болса, оның мазмұн межесінің бірлігі – семема, тұрпат межесінің бірлігі - лексема» деп қарастырып, «Солар арқылы белгілі болған бір денотатқа, я болмаса құбылысқа берілетін атау, яғни лексема референттің бойындағы бірнеше белгілердің, семалардың сұрыпталып, қорытылуы нәтижесінде, немесе атауға негіз болатын бір белгінің актуалдану нәтижесінде, немесе мәнді ғана белгілері жиынтығы нәтижесінде туады» - дейді [1, 72-73бб].

Тілдік таңба ретінде сөйлемнің бір немесе көп сөзді тұлғада атауыштық қызметті атқаратындығы турасында А.Жұбанов: «Сөйлем де сөз тәрізді тілдің атауыштық бірлігі ретінде қарастырылады. Сөйлемнің денотаты – біздің санамызда бейнеленген кейбір нақты жағдайлар, ал десигнаты – адам санасында қалыптасқан белгілі топтағы жағдайларды елестету. Мәтін автордың саналы түрдегі әсеріндегі трансформацияланған күйдегі психикалық жағдайлардың бейнелеуін құрайды. Мәтін жүйе ретінде өзін құрайтын бірліктерден және оларды бір бүтінге біріктіретін ережелерден тұруы керек, демек белгілі бір ішкі құрылымы болуы керек.

Біріншіден, бүкіл мәтіннің мазмұны өзіне енетін абзацтардың мазмұнын біріктіреді; екіншіден, оларды бір бүтін мәтінге біріктіретін негізгі критерий ретінде тақырыптық критерий қызмет етеді. Мәтіннің ішкі құрылымына байланысты зерттеулер бүкіл мәтінде бейнелеу, хабарлау, ойлау жалпылығымен ұйымдастырылған қандай да бір объективті лексикалық ядроның барлығын көрсетеді. Мәтін де таңбаға тән белгілерге ие» - деген қорытындыға келеді [2, 26-27бб].

1. Күдеринаова Қ.Б. Бірге, бөлек таңбаланатын сөздің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері. – А., 2000. – 147б.

2. Жұбанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста // Дисс. докт. фил. наук. – А., 2002. – 310с.

3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы: «Рауан», 1991. 216б.

4. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. – Алматы: Санат, 2000 – 240б.

* * *

В статье когнитивистика рассматривается как образ мира, соотношение языка, познания и языкового направления.

* * *

In article cognitive the science is considered as an image of the world, a parity of language, knowledge and a language pair.

Д. Турсынбаева

АББРЕВИАТУРАЛАР – АДАМНЫҢ МЕНТАЛДЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі кезде адамның менталды қызметін зерттеу әртүрлі саладағы ғалымдардың (психологтар, лингвистер және т.б.) көңілін аударып отыр. Сол себептен, қазіргі лингвистика «когнитивті революция» деп аталатын кезеңін басынан өткеріп отыр. Когнитивті лингвистика когнитивизм аясында пайда болып, өткен ғасырдың 80-ші жылдары ресми түрде мойындалды. Когнитивизм – зерттеу нысаны адам ақылы, ойлау және бұлармен байланысты менталды үдерістер мен күйлер болып табылатын ғылым бағыты. Ондағы лингвистикалық зерттеудің орталығында адами білімнің құрылуы, сақталуы және тасымалдануы, танымдық үдерістер және адамдардың өз қызметі үдерісінде қоршаған ортаны қабылдауы зерттеледі. Лингвистер өздерінің зерттеулерінде тіл мен ойлау байланысын жариялаудан, олардың өзара әрекетінің формаларын зерттеуге өтеді.

Белгілі американдық лингвист Н. Хомскийдің айтуы бойынша: «Когнитивті революция ақыл-ой/ми күйлеріне жатады, және сонымен қатар адам мінез-құлығын айқындайды, әсіресе когнитивті күйлеріне: білім, түсінік, интерпретация, наным-сенім және т.б. күйлеріне».

Білім және ақпаратпен байланысты үдерістер «когнитивті» немесе «когниция» деп аталады. Сонымен қатар олардың синонимі «интеллектуалды», «менталды», «ақыл-парасат» сөздері болып табылады [1, 20 б.].

Философиялық энциклопедияда ағылшын термині «когниция» – «білім, таным». Н.Н. Болдыревтың пайымдауынша, «таным» терминіне қарағанда, «когниция» терминінің өзі танымдық үдерістерді білдіреді, – білім алу үдерістері және осы үдеріс нәтижелері (Болдырев, 2001, 9 б.). Бүгінде когницияға адами рухты құраушылар (білім, сана, таным, ойлау, шығармашылық, жоспар жасау, ойлану, логикалық тұжырым, проблемаларды шешу, қиялдар, армандар), сонымен қатар қабылдау, санадағы бейнелер, есте қалғандар, зейін/назар және тану/білу секілді үдерістер жатады. Сонымен, когниция – әрқайсысы белгілі когнитивті қабілетпен байланысты әртүрлі үдерістерге бөлінеді, ал олардың бірі сөйлеу қабілеті болып табылады. Демек, когниция – қоршаған ортаны қабылдау да, бақылау және категоризация да, ойлау мен сөйлеу, қиялдау және т.б. психикалық үдерістер жиынтығы [1, 41 б.].

Менталдылық термині менталитет терминінен өзгеше. *Менталдылық* (лат. *mentalis* – саналы, рухани < *mens* – ой, ақыл) дегеніміз – этномәдени, қоғамдық дағдылардың, рухани қағидалардың, стереотиптердің жиынтығы. Тілді пайдаланушылардың ойын, ерік-жігерін, сезмін жеткізетін белгі ретінде менталдылық тілде, оның тереңнен бастау алатын өзгерістерінде жүзеге асырылады. Кейде менталдылық бейсаналық немесе санадан үстем құбылыс деп саналады. Ал *менталитет* (лат. *mentalis* –